

ӘОЖ 82.0; МҒТАР 17.01

<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.79>**М.А. ТОПАШОВ** 

филология ғылымдарының кандидаты, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің доценті
(Қазақстан, Қарағанды қ.), e-mail: topashov.m@mail.ru

АҚЫН ДАСТАНДАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада халық ақыны Иманжан Жылқайдарұлы дастандарының көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасалады. Ақын дастандары жеке-жеке қарастырылып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне арнайы көңіл бөлінеді. Дастандарындағы елдің бірлігі, тұтастығы туралы айтқан ой-тұжырымдарына талдау жасалып, Иманжанның өзіне тән ақындық ізденістеріне сараптама жүргізілді. Оның ауыз әдебиетімен жалғасып жатқан шығармашылық байланысының табиғи негіздеріне қатысты тың тұжырымдар жасалды. Ақын-жыраулар мұрасымен өзара үйлесім табуы, тарихи-танымдық мәні де түсіндіріле талданды. Жыраулар поэзиясына тән ерекшеліктерді ақын дастандарынан тауып, оның жыраулар поэзиясынан қаншалықты дәрежеде үйреніп – үлгі алғандығы зерттеу барысында анықталды. Мұндай дәстүр сабақтастығы негізінен жыр-дастандардың тақырыбына, бейнелеу амал-тәсілдеріне байланысты болып келетіні дәлелденді. Иманжан ақын дастандарын өзіне дейінгі және тұстас ақындар шығармашылығымен сабақтастықта, әдеби жалғастықта алып қарастырғанда, олардың бір-бірінен айырым-белгілері, өзіндік ерекшеліктері анықталды. Осыған орай, ақын дастандарының өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасалып, көркемдік ізденістерінің қыр-сыры айқындалды. Ақын-жыраулар шығармашылығын зерттеген ғалымдардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды.

Кілт сөздер: ақын, идея, тақырып, дәстүр, дастан, әдебиет, қоғам.

М.А. Топашов

кандидат филологических наук, доцент Карагандинского университета Казпотребсоюза
(Казахстан, г. Караганда), e-mail: topashov.m@mail.ru

Художественные особенности поэмы акына

Аннотация. В статье проведен анализ художественных ценностей саги народного поэта Иманжана Жылқайдаровича. Достаны поэта рассматриваются индивидуально, уделяется особое внимание специфическим особенностям каждого из них. Проанализированы мысли о единстве, целостности страны, отраженные в дастанах, поэтические поиски Иманжана. Также были сделаны новые выводы относительно естественных основ его продолжающейся творческой связи с устной литературой. Анализируется историко-познавательная сущность, взаимосвязь представлений о целостности нации, независимости страны с наследием жырау. В ходе исследования творчества поэта были выявлены особенности, характерные для поэзии жырау, в той

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Топашов М.А. Ақын дастандарының көркемдік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №3 (133). – Б. 129–136. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.79>

***Cite us correctly:**

Topashov M.A. Aqyn dastandarynyn korkemdik erekshelikleri [Artistic Features of The Poet's Sagas] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №3 (133). – B. 129–136. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.79>

Мақаланың редакцияға түскен күні 27.05.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

степени, в какой он научился поэзии жырау. Доказано, что преемственность таких традиций во многом зависит от тематики поэм, изобразительных приемов. При сопоставительном анализе дастанов акына Иманжана и творчества поэтов, творивших до него, с учетом преемственности и литературного продолжения были выявлены их отличительные черты и своеобразие. В связи с этим был проведен анализ специфики дастанов поэта, выявлены тонкости художественных изысканий. За основу были взяты теоретические выводы ученых, изучавших творчество поэтов-жырауов.

Ключевые слова: поэт, идея, тема, традиция, поэма, литература, общество.

M.A. Topashov

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Karaganda University of Kazpotreboysuz (Kazakhstan, Karaganda), e-mail: topashov.m@mail.ru

Artistic Features of the Poet's Sagas

Abstract. The article analyzes the artistic values of the sagas of the people's poet Imanzhan Zhylkaidarovich. In this regard, the poet's epics were considered separately, and the specific features of each were systematically studied. The theoretical conclusions of scientists who studied the work of folk poets were guided. The analysis of his thoughts about the unity and integrity of the country in his poems was carried out, and the analysis of Imanzhan's characteristic poetic searches was carried out. A new conclusion was also made regarding the natural foundations of his ongoing creative connection with oral literature. The historical and cognitive significance of the interweaving of thoughts about the integrity of the nation, the independence of the country with the heritage of the zhyrau was explained. In the course of the study, it was found that the features of zhyrau poetry were found in the work of the poet and to what extent he learned from zhyrau poetry. It has been proven that the continuity of such traditions is largely due to the theme of the epics, methods of representation. When considering the epics of the poet imanzhan in continuity with the work of his predecessors and predecessors, in literary continuation, their distinctive features and distinctive features were revealed. In this regard, an analysis of the original features of the poet's epics was carried out, and the intricacies of his artistic searches were revealed.

Keywords: poet, idea, theme, tradition, saga, literature, society.

Кіріспе

Ұлы даланың жасампаздығын жырман әспеттеп, өлеңмен өрнектеген ақын-жыраулар шығармашылығын зерттеу, антологиялық жинақтарын шығару әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе. Сөз өнерінің тарихи негізін қалыптастырып, халықтың көркемдік-эстетикалық таным-түсінігін, философиялық ой-тұжырымдарын байытып келген ақын-жыраулар мұрасы бүгінгі күнге толық жетпегені жазылып та, айтылып та жүрген шындық. Осы тұста, алаш арыстарының бірі Қ. Кемеңгеровтің «Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді» [1, 25-б.],—деген пікіріне ден қоймасқа болмайды. Кейбір ақындардың шығармалары біздің дәуірімізге біршама жақын болғандықтан жетіп отыр. Соның нәтижесінде, бұл тұстағы әдеби мұраның барлығы болмаса да, біршамасы түрлі зерттеу еңбектерге арқау болғаны шындық. Ал бұлардың сыртында қаншама ақындардың есімдері мен шығармалары шағын ғана әдеби-ғылыми ортаға мәлім болмаса, былайғы көпшілік қауымға әлі де беймәлім күйде қалып келеді. «Қазақ әдебиетінің тарихын қайта қарап, жаңадан жазатын кез келді. Бұған себептер көп, ол түсінікті де. Ең алдымен әдебиет тарихынан көптеген есімдердің, әсіресе көрнекті, белгілі уақытында бүкіл қауымға мәшһүр болған тұлғалардың шығып қалуын, кейбір шығармалардың аты да аталмауын, тіпті ұшты-күйлі жоқ болып кеткенін айтқан жөн. Мұның бәрін орнына келтіру қажет» [2, 28-б.]. Міне,

осындай шығармалары зерттеуді қажет ететін ақынның бірі – Иманжан Жылқайдарұлы. Ол 1886–1973 жылдар аралығында Ұлытау өңірінде өмір сүрген. Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Құлтума, Тайжан сияқты әйгілі әнші, ақындармен кездесіп, тәлім алған. Он сегіз жасында ұлытаулық ақын қыз Бибіғали Оңғарбайқызымен, кейінірек Гүлжәмила, Ибадулла ақындармен айтысқан. «Әлібек» дастаны мен «Сабыр» толғауы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған. «Сәуле», «Ақ марка», «Әліби ерлігі», «Ұлытау», «Шақшақұлы Жәнібек» дастандары бар. Осындай өмірбаяны мен өнерпаздық қырлары туралы деректер, мағлұматтар берілгенімен, оның әдеби мұралары жайлы зерттеу еңбектер аса көп емес. Оның шығармашылық тағдыры жөнінде осыны айтуға болады. Анығында, оның әдеби мұрасы ғылыми айналымға түсуге лайық біршама құнды дүниелер. Әйтсе де, осы кезге дейін ақын шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалап пайымдаған іргелі зерттеу еңбектер көп жазыла қойған жоқ. Халық ақындарының шығармашылығын, айтыс өнерін зерттеген монографиялар мен ғылыми еңбектерде ақын шығармашылығына назар аударылғанымен, жан-жақты қарастырылып, зерделенген емес. Бұл айтылған кемшіліктер, аталған ақынның әдеби мұрасын танып білуге мүмкіндік бермейтінін дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Біздің мақсатымыз осы кемшіліктерді жою, ендігі жерде болдырмау үшін күресу болып табылады. Міне, тақырып өзектілігі осыдан көрінеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің тақырыбы мен мазмұнына өзек болған материалдарды іріктеп сұрыптауда салыстырмалы-типологиялық әдіс негіз болды. Ақынның тарихи-қоғамдық таным дәрежесі мен дастандарының тақырыптық аясы олардың көркемдік сапасы мен шеберлік қырлары бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылды. Ақын дастандарына тән сипаттарды айқындау, көркемдік ерекшеліктерін талдап көрсету, дәстүр сабақтастығы тұрғысынан сарапталды. Ақын-жыраулар шығармашылығын зерттеген ғалымдардың ғылыми-теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Олардың қалыптастырған түйін-тұжырымдары зерттеудің тұтас желісіне бағдар ретінде пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Жалпы, Иманжан ақын шығармашылығының маңызды саласын дастандар құрайды. Ол дастандарында тарихи дамудың әр кезеңіне тән ерекшеліктерді бейнелейді. Сол себепті, оның дастандарынан тарихта болған елеулі оқиғалардың барлығы дерлік көрініс беріп жатты. Оның қаһармандық халық жырлары үлгісінде шығарған «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Әділбек», «Кенесары, Саржан» дастандары сөзімізге айғақ. Ақынның негізгі ұстанымы – батырлықты үлгі ету, ерлікті дәріптеу. Зерттеуші ғалым Б. Әзібаева «Халық ұғымында қаһармандық – туған жерін қорғау, басқыншы жауға тойтарыс беру идеясымен байланыстырылады, яғни патриоттық тақырыппен сабақтас» [3, 25-б.],–дегенді айтады. «Шақшақұлы ер Жәнібек» дастанына қазақ батыры Жәнібектің ел қорғау жолындағы жанқиярлық ерлігі арқау етіледі. Ел азаттығы үшін күрескен, ерен ерлік көрсеткен Жәнібек бейнесі шындыққа сай нанымды бейнеленеді. Сонымен бірге, дастанда халықтың сан ғасырғы арман-мұны, қуаныш-қайғысы қоса жырланады. Бұл шығарманың идеялық негізіне халықтың бостандығы үшін күрескен Жәнібек батырдың ерліктері алынады. Онда ел үшін еңіреген Жәнібектің қазақ даласын жоңғар басқыншыларынан қорғауы, күрес жолындағы жанқиярлық, қайталанбас ерлігі дәстүрлі жыр үлгісінде шығарылған. Ол Жәнібек батырды жырлауда тарихи деректерге сүйенеді. Жоңғарларға қарсы күресте ерлік көрсетіп, басқыншылар езгісінен құтқарған Жәнібек қазақтың айтулы батырларының бірі. Дастан сюжеті нақты оқиғалар арқылы өрбиді. Жоңғар ханы Сыбан Рабтан жер қайысқан қолмен шабуыл жасап, елді қырып-жоя бастайды. Қазақ даласына іштей еніп, жауланған аймақтың шекарасын Сарысудың сол жағасына дейін жеткізеді. Қалың қазақ қырғынға ұшырайды, тапталып таланады. Ақын дастаны:

Қазақтан тартып алды Түркістанды,
Түк қоймай қамтып алды барлық малды.
Ие боп қалды қалмақ бәріне де,
Қоймады жер үстіне мұсылманды.

Бұл қорлық ашаршылық, жұттан да өтті.
Айырып жер мен судан тентіретті.
Сарыарқа мен Ұлытау қайдасың деп,
Шұбырып жонмен қаптап қойды бетті.

Қалмақтың әскерлері атқа мініп,
Қылышы қансыратып, ұрып, жығып.
Асырып Мыңбұлақтан айдап салды,

Тау-тасқа қашып жатыр ел тығылып, [4, 8-б.], – деп қазақ халқының шапқыншылардан тартқан зардабын баяндаудан басталады. Әуелі ақын халқының ауыр жағдайға душар болған кезін айтып алады. Дастандағы негізгі тартыс жүйесі Жәнібек батыр бастаған қазақ батырлары мен жоңғар басқыншыларының арасындағы күреске құрылғандықтан, мұнда бір-біріне қарама-қарсы қойылған ұнамды және ұнамсыз образдың айқын тобы бар. Алдымен дастанның басты қаһарманы Жәнібек бейнесін ауызға алғанда белгілі қазақтың ғалымы М. Ғабдулиннің мына пікірі ойға оралады. «Жыршы ақындар Қобыландының патриот батыр екендігін халық ұғымында қас батырға тән қасиеттерімен де дәлелдей түседі. Ол қасиеттер ел айтқан сөзде тұрушылық, намысқорлық, аңғалдық, жолдастық-достықты сақтаушылық. Мұның бәрі халық ұғымында батырлықтың белгісі саналады» [5, 78-б.]. Дастанда Жәнібектің алған бетінен қайтпайтынын, бір сөзділігін, адалдығын, сенгіштігін бейнелеп, дәстүрлі эпостың батырларына тән қасиеттердің бәрі де оның тал бойынан табылатындығы жырланады. Ал тарихи деректер де Жәнібек батырдың нақ сондай адам болғандығын растайды. Ақын дастанында қазақ батырларының іс-әрекетін, ашу-ызасын, ақыл-парасатын бейнелей отырып, Жәнібектің сыртқы кескін-келбетін, портретін жасауды да ұмытпайды. «Ту сыртынан қараса, тұтас екен денесі», т.б. Демек, Жәнібек ақылына түр-тұлғасы сай, шынайы халықтың ұғымындағы қас батырдың өзі. Алайда, бұл халық қиялынан туған жасанды бейне емес, нақтылы тарихи тұлға. Сонымен қатар басқа да қазақ батырларының тұлғасы да шындыққа сай нанымды шыққан. Ақын Жәнібектің ең жақын серіктері деп Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай, т.б. орынды атайды. Жәнібек жалғыз жоңғар басқыншыларымен шайқасқанда да, қарымта соққы бергенде де үнемі қасында қазақтың айтулы батырлары болды. Бірақ ақын олар жөнінде дастанда көсіле баяндап, кең сипаттап жатпайды, бірер жол көлемінде ғана ескертіп, немесе Жәнібектің соңынан ерген өзге батырлардың қатарында ғана атап отырады. Ақын олардың жеке бейнелерін ерекшелеп саралауға ұмтылмайды. Дегенмен, есімдері жиі ұшырасатын батырлар да жоқ емес.

Қаракерей Қабанбай
Қанжығалы Бөгенбай,
Сүйіндіктен Олжабай,
Бәсентейін Сырым бар.
Малайсары Мұрын бар,

Жантай, Барақ, Жаулыбай [4, 8-б.], т.б. батырлардың есімдері құрметпен ауызға алынып, ұнамды істері жүйелі баяндалады. Сонымен қатар, ақын Қазыбек, Төле, Әйтеке билердің қадір-қасиетін сипаттауды да ұмыт қалдырмайды.

Әлмембет, Әлтеке,
Қаражігіт Қазыбек
Әлібекұлы Төле еді,
Бұлар да асқан бел еді,

Асусыз тағы өр еді,
Сайраған шешен тіл еді [4, 8-б.].

Демек, дастанда бірыңғай көтеріліс, соғыс көрінісі ғана сөз болмайды, оған тікелей қатыспағанмен, ел қорғаны батырларға тілектес халық өкілдері де қамтылып суреттеледі. Дәстүрлі жырларда, әсіресе, ұрыс-соғыс көрінісін бейнелейтін тұстарда басты қаһарманның ерлік қимылын ерекшелеу үшін әсірелеу тәсілі көбірек қолданылады. Мұнда ақын бір ғана жерде Жәнібекке байланысты:

Қалмаққа қарсы барғанда,
Жол болып алды ашылды.
Жабыла тартқан мергендер,

Аяқта қалып басылды [4, 8-б.], – деп шамалы көтермелей сөйлейді. Дегенмен, бұл салт атты қолдың шайқасына сыйымды көрініс тәрізді. Тегі Жәнібек «оқ өтпейтін, қылыш шаппайтын керемет жан емес, ат құлағында ойнайтын әбжіл, санап атқан садағы бір кісіден өлтіретін мерген, ержүрек байсалды қолбасшы болып бейнеленген. Ақын тілінің ажарын кіргізетін «бояулардың» бірі архаизм (көнерген сөздер). Қайсыбір көркем туынды болсын, оның қайсы дәуірге қатысты екенін көрсетуге елеулі қызмет атқаратын элементтің бірі сол кезеңнің өзіне тән сөздік құрамы болмақ. Мәселен, дастандағы қару-жараққа байланысты атауларды алайық:

Адырнасын атқа алып,
Беліне садақ байланды.
Төрт қырлаған қу жебе,
Қиғыр қылыш найза өткір.
Сатып алды арзан деп,
Көбелі – сауыт-сайманды [4, 8-б.].

Мұндағы «адырна», «жебе», «көбелі сауыт», т.б. азаттық жолында күресушілердің соғыс құралы. Халық поэзиясында ерлікті жырлау ертеден келе жатқан кәнігі дәстүр. Бұл дәстүр әсіресе XX ғасырдың басында кең қанат жайып, өрістеді. Өйткені, халқымыздың ұлы жеңістері, ұлт бостандығы үшін күрескен батырлары туралы жыр толғамау, дастан шығармау мүмкін емес еді. Сондықтан да Иманжан Жылқайдарұлы да ел ішіндегі өзгеріс-құбылыстарды, қазақ халқының ұлы жеңістерін, сол жеңіс жолындағы Жәнібек батырдың дана қолбасшылығын, қазақ елінің жоңғар басшыларымен күресін желілі дастан көлемінде жырлауды мақсат етті. Дәстүрлі халық дастандарында тарихи тұлғаларды жырлағанның өзінде оны тым әсірелеуі, тіпті мифтік бейне дәрежесіне көтеріп бейнелеу сарыны байқалса, Иманжанның бұл дастанында нақтылық шынайылық сипаттары едәуір басым екені анық сезіледі.

Академик Р. Бердібай: «Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы туралы тарихи өлеңдер – аса мәнді мұра» [6, 25-б.] саналатынын айтады. Алайда, ұлт-азаттық көтерілісін суреттеген дастандар бәрі бірдей көркемдік шешімін тапқан деуге болмас. Иманжан Жылқайдаровтың «Әділбек» дастаны тек қана фактілерді тізбектеп, баяндауға құрылған. Бұнда оқиғаны, қаһарманды көркемдік аясында бейнелеуден гөрі құрғақ баяндау көп кездеседі. Сонымен қатар, дастанның мазмұнына үңіле қарағанда оның тақырыбы 1916 жылғы және азамат соғысы оқиғаларымен шектелмейтіндігін аңғарамыз. Ақын ел өміріндегі елеулі кезеңдерді өзінің негізгі тақырыбына дәнекер етіп алады. Ал негізгі тақырып Қазан төңкерісі қарсаңындағы және кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы ауыл өмірін, халықтың тұрмысындағы, санасындағы әлеуметтік өзгерістерді, ескінің күйреуі мен жаңаның жеңісін көрсету. Дастанның басты идеясы да осы мақсаттан туындаған. Дастанның сюжеті адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа құрылған. Оқиғалар, қақтығыстар, іс-әрекеттер кейіпкерлердің характерін ашып, қайсыбір кейіпкерлерін жинақтап, даралап көрсетуге тырысқан. Ақын қоғамға таптық тұрғыда баға береді. Елдегі әлеуметтік жағдайды

дұрыс түсініп, кедей-кепшіктің азапты тауқыметін, бай-манаптың, болыс-бидің, дінбасылардың бейнетсіз жайбарақат рақатты тіршілігін салыстыра суреттеп, олардың арасындағы кереғар айырмашылықтарды сын садағына алады. Кедейдің еңбегін қанағанымен тұрмай, олардың жас жігіттерін оққа байлап, солдатқа жібертеді. Ұлықтарға пара беріп, өз балаларын майданнан аман алып қалады. Бұл езілген бұқара халықтың онсыз да шегіне жеткен шыдамын тауысып, шымбайына батады.

Малы мен бай баласы аман қалды,
Түйеді шүберекке кедей жанды.
Қорлығы болыс-бидің өтті ғой деп,
Атына мініп кедей айқай салды [7, 4-б.].

Демек, бұл жерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кездейсоқ оқиға емес, осындай тап тартысының шиеленісінен туған заңды құбылыс екені дәлелді айтылады. Ақын Әділбек Майкотовтың үзеңгілес жолдастарын, қарулы серіктерін үнемі ілтипатпен ауызға алып, олардың да күрес идеясына берілген адалдығын, қайсар ерлігін жырлайды. «Әділбек» поэмасында сол 1916 жылғы Жезқазған жерінде болған бір оқиғаны суреттей келіп, ақын былай деп тәмәмдайды.

Әділбек белді буып ертіп көпті,
Жеріне Тіней, Тоқпан сарбаз төкті.
Барлығы Әділбекке еріп беріп,
Масаты қызыл шұға туды тікті [7, 4-б.].

Ақынның бұл туындысы идеялық-көркемдік жағынан сәтті шықпаған. Оның көрген білген жайттарды, оқиғаларды жіпке тізіп баяндай отырып, өздерінің қолбасшысы – батырдың бейнесін жасауды мақсат еткен. Әділбек Майкотовтың сырт кескін-келбетін, ішкі сезімін беруге талап қылмаған. Оның өмірін, ерлік істерін бастан-аяқ баяндауға арналмаса да, оның қолбасшылық бейнесін жанамалап көрсетуге тырысқан.

Ұлт бостандығы үшін күрескен Кенесары көтерілісі талай ақындардың өлең-жырларының өзегіне арқау болғаны анық. Кенесарының тарихи тұлғасын танытуда Нысанбайдың, Доскейдің, Нұрқанның, Омардың, т.б. өлең-дастандарының алар орны ерекше. Осылардың үлгі-өнегесімен Иманжан да «Кенесары, Саржан» атты жыр шығарады. Бір айта кетерлігі, ақынның осы дастанына ауыз әдебиеті үлгісінің аясында қарағанымызбен, өзіне ғана тән қолтаңбасын көрмеу мүмкін емес. Ақын еліне берілгендік, жауға деген өшпенділік сияқты тақырыптарды дастанның негізгі желісі етті. Бұл тұрғыда, ақын дастандары бір жағынан елдің басқыншыларға қарсы күресінің шежіресі болса, екіншіден, сол кездегі отанды сүйіп, жырлау міндетін де қоса атқарды.

Дастанда ұлт-азаттық көтерілістің өзекті арнасын үлкен ауқымда қамтиды. Кенесары ерлігін бұрнағы батырлар жырының дәстүрінде бейнелей келіп, онымен бірге сол заманның шындығы бүкіл халықты күйзелткен оқиғаларды қиюластырады.

Сырда Қоқан, қырда орыс,
Жәбір көрді мал мен ел.
Шапқыншылық көргені.
Иесіз мал сықылды.
Тергеусіз адам өлгені [7, 25-б.].

Бұл жыр ғана емес, тарихи шындық. Тарихтың да айтар түйіні осы. Мұнда да батырлар жырының дәстүрімен өмірбаяндық шежірелік оқиғалар тізбектей құрылған. Осы тұста академик Ә. Марғұланның пікірін келтіре кеткенді жөн көрдік. «Қазақ эпосы кейде жылнамалық жазбалардан кем түспейді, олар көп сәттерде жазу-сызуға машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнына жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама, оларды, тіпті, тарихи әдебиеттер де дәлелдеп жатыр» [8, 25-б.]. Кенесарының шыққан ортасы, бас көтеріп, басқыншыларға қарсы Арқада көрсеткен

алғашқы ерліктері тарихи дәлдікпен баяндалады. Жырдың тарихи сипаты мол, алайда «Кенесары, Саржан» жырында ертегілік сарын да жоқ емес. Кенесарының дүйім жұртты жұтқан айдаһарды өлтіргені – осының куәсі. Академик С. Қирабаевтың: «Ағыбай бейнесін, оның батырлығын дәлелдеу үшін ертегі-аңыздар да оны аюмен, жолбарыспен, көкжал қасқырмен кездестіруі сияқты қоспаларда халықтың сүйікті батырына деген ықылас, ілтипатын танытады» [9, 8-б.], - деген пікірін осы жырдағы Кенесары бейнесіне қатысты да айтуға болады. Жыр оқиғасы қою, іс-әрекетке толы, бір эпизод пен екінші эпизодтың арасында кейіпкерлердің танысуы, сюжеттік шегініс кездеспейді деуге де болады. Алайда, Иманжанның сөз қолданысында, стильдік ізденістерде аздаған кедір-бұдыр жерлері де кездесіп қалады. «Ақындар белгілі бір оқиғаға өлең арнай отырып, басқа да талай нәрсені қамтып кете беретін ...көп проблеманы қабаттап қосу әрі өлең көлемін шамадан тыс ұзартып, әрі поэзияның эмоциялық күшін әлсірететін еді» [10, 38-б.], - деп ғалым Р. Бердібайдың байқағанындай, Иманжан да кезең дәстүрін игерумен қатар, кемшілігінен де аулақ кете алған жоқ. Осы кезең әдебиетін зерттеген М. Жармұхамедов: «Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап Кенесары атын атауға тыйым салынған болатын. Бұған дейін Нұрхан, Доскей, Омар, Саяділдермен бүкіл халықты толғантқан көтеріліс оқиғасын өзінше жырлады. Әрине, олардың Кенесарыға деген көзқарасы да, көтеріліс туралы ұйғарымы да бірдей дәрежеде болған жоқ. Оның үстіне Кенесары көтерілісіне қырын қарағандар да аз болмады» [11, 38-б.], - деп сипаттама береді. Демек, Иманжан ақынға мұндайлардың да әсері болғанын жоққа шығара алмаймыз. Ертеректе жазылғандықтан мүмкін кейбір пікірді ашық, жеткізіп айтуға сол кезең мүмкіндік те бермеген болар. Оның үстіне сыңаржақ саясат та шындыққа мойын бұрғыздады. Міне, осындай ұлттық дүниетанымынан туған дастандар ақын санасының өсуімен, толысуымен тікелей байланысты болды. Оның ақындық болмысы ұлт-азаттық идеяны көркем бейнелеуге бейім болды. Иманжан дастанының негізі идеясы – азаттық, тәуелсіздік. Оның азаттық идеялары сан ғасыр бодандық теперішін көрген халықтың арасынан шыққан ақын-жыраулардың мақсат-мұраттарымен астасып жатты. Қоғамның даму дәуіріндегі тарихи-саяси жағдайларына орай тәуелсіздік идеясын көтерген ақын-жыраулардың ой-идеялары Иманжанның шығармашылығына да әсерін тигізді.

Жалпы, Иманжан ақын дастандарының түп-төркініне зерделей үңілгенде, ондағы ауыз әдебиетінен, жыраулар өнегесінен тамыр тартатын түрлі-түрлі дәстүрлер нышандарының бой көрсететіні анық байқалады. Ол ауыз әдебиетінен, жыраулар мұраларынан ғибрат алды. Ол әдіптелген сөз орамдарын, бейнелі ой кестелерін түзу машығын да өз бойына осынау ауыз әдебиеті, жыраулар мұрасы арқылы дарытты. Оның шығармашылығы қазақ қоғамындағы рухани өзгеріс-ізденістермен, қазақы идеялардың өркендеуімен сабақтасып жатты. Жыраулардың өлең-жырларына арқау болған тақырыптар Иманжан ақын шығармашылығында да жалғасын тапты. Бұл ұқсастық тақырыптық-идеялық ізденістері тұрғысынан жақсы байқалды. Түйіп айтқанда, ақынның тағылым алған үлгілері сан қырлы болғанын байқаймыз. Олар ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, төкпе ақындықтың тамырын тереңге жайған үлгі-өнегесі.

«Қоғамның дамуына, ой-санаға, жалпы таным-түсінікке, түбегейлі өзгеріс әкелген ел тәуелсіздігінің ақиқатқа айналып, тарихи орнығуы – өткендегі рухани мұрамыздың тұңғығына қайта үңіліп, жаңа талап тұрғысынан зерделеуге зор мүмкіндік туғызды» [12, 3-б.]. Расында, бүгінгі уақыт өткен дәуір әдебиетінің кейбір тұстарын қайта екшеуге, рухани мұраларымызды тереңдей, жан-жақты, әр қырынан әділ бағалай түсуге мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, Иманжан мұрасын тың деректермен толықтырып, заманауи сұранысқа лайық еңбектер жазылып, қолға тисе дұрыс болар еді. Бұл бір игілікті іс оның туындыларының мәңгілігін ұрпаққа жете таныта түсудегі қадамдардың бірі болатындығында дау жоқ. Ақын туындыларын, әсіресе оның әлеуметтік астармен суарылған дастандарының маңыздылығын бағалап, рухани игілігімізге жарату біздің міндетіміз.

Қорытынды

Ақын дастандары көркемдік дәстүр сабақтастығы тұрғысынан қарастырылып, оның ақындық ізденістерінің ауыз әдебиетімен, сонымен қоса, ақын-жыраулар шығармашылығымен байланысы талдау өзегіне алынды. Дәстүр жалғастығы негізінен жыр-дастандардың құрылысына, тақырыбына, бейнелеу құралдарына, тіліне байланысты болып келетінін аңдадық. Ақын дастандарында замана шындығы, уақыт тынысы қаншалық айқын көрінсе, соншалық оның ақындық тұлғасы зорайып, қоғам алдындағы жауапкершілігі айқын танылмақ. Осыған орай ақын дастандарын зерделегенде, оның азды-көпті заманына үн қосып отырғанын емес, уақыт тынысын танытқандай табыстарына баса назар аударылды. Жалпы алғанда, Иманжан ақын дастандары өмірдің өзінен алынған, соның шындығынан суарылған шығарма деп қарастырылды. Демек, ақын дастандарында бейнеленген дәуір шындығын байыптау, замана көріністеріне зер салу, сол арқылы ақынның өзіндік ізденісін айқындау мақсат етілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кемеңгеров Қ. Таңдамалы. – Алматы: Өлке, 2002. – 240 б.
2. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жазушы, 2005. – 512 б.
3. Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы: Мектеп, 2009. – 288 б.
4. ҚРҒА қолжазбалар қоры, №742 папка, 8 дәптер.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996. – 368 б.
6. Бердібай Р. 1-том. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Дәуір, 2017. – 320 б.
7. ҚРҒА қолжазбалар қоры, №702 папка, 4 дәптер.
8. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 382 б.
9. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 356 б.
10. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 464 б.
11. Жармұхамедов М. Қазақ поэзиясындағы айтыс жанры: тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 208 б.
12. Әміренов Ә. Мақыш Қалтайұлының әдеби мұрасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2006. – 26 б.

REFERENCES

1. Kemengerov Q. Tandamaly [Selective]. – Almaty: Olke, 2002. – 240 b. [in Kazakh]
2. Bazarbaev M. Zamana tudyrgan adebiet [Literature created by the times]. – Almaty: Jazushy, 2005. – 512 b. [in Kazakh]
3. Azibaeva B. Qazaq dastandary [Kazakh epics]. – Almaty: Mektep, 2009. – 288 b. [in Kazakh]
4. QRGA qoljazbalar qory, №742 papka, 8 dapter [Fund of manuscripts of the Republic of Kazakhstan, folder №742, 8 notebooks]. [in Kazakh]
5. Gabdullin M. Qazaq halqynyn auyz adebieti [Oral literature of the Kazakh people]. – Almaty: Sanat, 1996. – 368 b. [in Kazakh]
6. Berdibai R. 1-tom. Epos – el qazynasy [Volume 1. Epos – national treasure]. – Almaty: Daur, 2017. – 320 b. [in Kazakh]
7. QRGA qoljazbalar qory, №702 papka, 4 dapter [Fund of manuscripts of the Republic of Kazakhstan, folder №702, 4 notebooks]. [in Kazakh]
8. Margulan A. Ejelgi jyr, anyzdar [Ancient songs, legends]. – Almaty: Jazushy, 1985. – 382 b. [in Kazakh]
9. Qirabaev S. Ult tauelsizdigi jane adebiet. 5-tom [National independence and literature. Volume 5]. – Almaty: Qazygurt, 2002. – 356 b. [in Kazakh]
10. Berdibai R. Bes tomdyq shygarmalar jinagy. 2-tom [Collection of works in five volumes. Volume 2]. – Almaty: Qazygurt, 2005. – 464 b. [in Kazakh]
11. Jarmuhamedov M. Qazaq poeziasyndagy aitys janry: tegi men damuy [Genre of sayings in Kazakh poetry: origin and development]. – Almaty: Murattas, 2001. – 208 b. [in Kazakh]
12. Amirenov A. Maqysh Qaltaiulynyn adebi murasy: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Literary heritage of Makysh Kaltaiuly: abstract]. – Astana, 2006. – 26 b. [in Kazakh]